



АЗАМАТТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУ. СОТ ӨНДІРІСІ, 1-БӨЛІМ (1)

Негізгі талап қою кезеңдері
(жалғасы)





7. Денсаулыққа зиян келтіруден немесе диффамациядан туындайтын талап қою арыздары.
8. Жала жабу және аралас әрекеттер.
9. Реституция туралы талаптар.
10. Жерді қайтару және соған қатысты мәселелер.
11. 1978 жылғы азаматтық жауапкершілік (жауапкершіліктегі үлес) туралы заңға сәйкес жарналар жөніндегі талап қою арыздары.
12. Теңіздегі коллизиялардан туындайтын талаптар.
13. Капитал бойынша талап қою арыздары.
14. 1998 жылғы адам құқықтары туралы актіге сәйкес іс жүргізу.
15. Сот шешіміне талап қою арызы.
16. Арбитраждың шешіміне талап қою арызы.
17. Шетелдік шешімдердің ескіру мерзімі.

7. ДЕНСАУЛЫҚҚА ЗИЯН КЕЛТІРУДЕН НЕМЕСЕ ДИФФАМАЦИЯДАН ТУЫНДАЙТЫН ТАЛАП ҚОЮ АРЫЗДАРЫ

Денсаулыққа зиян келтіруден және абайсыздық нәтижесінде шығын келтіруден әрі диффамациядан айырмашылығы бар деликтілер үшін негізгі талап мерзімі 6 жылды құрайды.

Азаматтық құқық бұзушылықта денсаулыққа зиян келтіруден басқа, абайсыздық нәтижесінде зиян келтірудің талап мерзімі:

1. Талап қоюға негіз пайда болған күннен бастап 6 жыл;
2. «Басталған» күннен, яғни, талапкер талап қоюға негіз пайда болғанын білген күннен бастап 3 жыл.

2-тармақ туралы айтар болсақ, жасырын (көзге көрінбейтін) зиян туралы ереже деликтіде ғана (шартта емес) танылатын салғырттыққа қолданылады.

Лордтар палатасы *Haward v. Fawcetts* ісінде (2006) 1980 жылғы Талап мерзімі туралы актінің 14 А-бабында аталған зиян туралы талапта «білген күні»:

- (1) талапкер бірдеңенің қате жасалғанын білген күнін;
- (2) жасырын зиянның біреудің кесірінен болғанына ақылға қонымды негіз пайда болған күнін;
- (3) сол (1) және (2) мәселелерді тексеруге кіріскен күнін білдіреді делінген.

«Haward» ісінде талапкер жауапкердің бухгалтерінің кеңесіне сүйеніп бизнес бастаған. Бухгалтер берген кеңесінде бизнес сәтті жүру үшін қажет қаржы сомасын атаған. Лордтар палатасы «талапкердің» (1) және (2) санаттар бойынша білгені жеткілікті, сондықтан бұл істе жасырын зиян туралы норманы қолдануға болмайды» деген.

Жасырын зиян туралы норманы қолданса, онда, тіпті, іс болғаннан кейін 15 жылға дейін де талапты қабылдай берер еді.

8. ЖАЛА ЖАБУ ЖӘНЕ АРАЛАС ӘРЕКЕТТЕР

Жала жабу, яғни, басқа адамның ар-намысы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіретін немесе оның беделін түсіретін, көпе-көрнеу жалған мәліметтерді тарату.

Талап қою мерзімі 1 жыл, бірақ сот талап мерзімін ұзартуы мүмкін.

9. РЕСТИТУЦИЯ ТУРАЛЫ ТАЛАПТАР

1991 жылы Лордтар палатасы реституция талаптары тәуелсіз талап түрі екенін ресми мойындаған. Талап мерзімі туралы нормалар баяу дамып, бұл саланың дамуынан қалыс қалып жатыр еді. Лорд Брук бұл мәселені жүйелі түрде қайта қарау керек екенін айтқан.

Реституция немесе негізсіз баю туралы талап «дербес әділетсіз баю» туралы талап ретінде бөлек қаралады.

Негізсіз баю немесе реституция туралы талап:

- «автономды негізсіз баюда» (мысалы, фактінің немесе заңның қатесі бойынша төленген ақшаны



қайтару үшін);

- «қатені реституциялау» санатына жатады.

Бұл талап тіпті 1980 жылғы Талап мерзімі туралы актіде толық ашық айтылмаған болса да, алты жылдық талап мерзімі қолданылады.

Талапкердің қателікпен немесе заңдағы кемшіліктердің кесірінен артық төленген ақшаны қайтарып алуы, Ортақ құқық жүйесіндегі 1980 жылғы актіге сәйкес, ақшаны өндіріп алу туралы нормалармен реттеледі. Тіпті бұл норманы келісімшарттағы бұзушылықты реттейтін норма десек те болады. Сондықтан талапкердің алты жылдық талап мерзімі бар.

Қате төлем жасалған кезде, талап мерзімі жауапкер ақшаны алған күннен басталады.

Келісім-шартты бұзғаны үшін ақшаны кері өндіріп алу туралы талап заңға қайшы оқыс оқиғадан туса, талап мерзімі дәл сол оқыс оқиға болған күннен басталады.

Сол сияқты, Ортақ құқық жүйесінде қарсы жауаптың болмауынан туған талаптың мерзімі сол қарсы жауап болмаған күннен басталады.

Қателіктен туған реституцияда осы көзқарасты қолдану керек пе, әлде талап мерзімі жауапкердің негізсіз байыған мүліктерін тәркілеу туралы нормаларға сай болуға тиіс пе – бұл әлі айқын емес.

Реституция талабында 1980 жылғы Талап мерзімі туралы актінің басқа нормалары да қолданылады. Талап мерзімі мен реституция туралы талаптар тақырыбы реституциялық негіздемелер мен әділдік тұжырымдары кешеніне келгенде тіпті күрделене түседі.

10. ЖЕРДІ ҚАЙТАРУ ЖӘНЕ СОҒАН ҚАТЫСТЫ МӘСЕЛЕЛЕР

Жерді қайтаруға қатысты талап мерзімі он екі жыл.

Жердің иесі жерді өз бетінше немесе құқықтық амалдар арқылы пайдаланбаса және сол жерді пайдаланып отырған адам он екі жыл бойы рұқсатсыз үздіксіз пайдаланып келсе, ал осы аралықта иесі жерді өз иелігіне қайтара алмаса, онда ол жерге меншік құқығынан айрылады.

Он екі жыл рұқсатсыз үздік иелену мерзімі жерді пайдаланушыға меншік құқығын бере алады. Құқықтық амалдардың арасындағы үзіліс талап мерзімін үзуге негіз бола алмайды. Адам құқықтары жөніндегі Еуропа конвенциясы мен 1998 жылғы Адам құқықтары туралы актінің Бірінші хаттамасының 1-бабына сәйкес жерді тиімсіз иелену туралы нормалар меншік иесінің құқығын бұзбайды.

Жер иесінің жерді сатқандағы ақшасын алуы үшін он екі жыл уақыты бар.

Ипотека берушінің ипотекамен белгіленген ақшаны өндіріп алуына немесе жылжымайтын мүлік пен басқа да мүліктің ақшасын алуына он екі жыл уақыты болса да, Апелляциялық сот *Gotham v. Doodes* ісінде (2007) бұл норманы конкурстық басқарушыға қатысты қолдануға болмайтынын мәлімдеген.

Сондай-ақ, Апелляциялық сот *Yorkshire Bank Finance Ltd v. Mulhalls* ісінде (2009), *Ezekiel v. Orakpoici* (1997 ж.) мен *Lowsley v. Forbes* ісінде (1999 ж.) сілтеме жасап, кредитор дебитордың мүліктен өндіріп алғысы келген жағдайда 1980 жылғы Талап мерзімі туралы акт кредитордың құқығы мен билігіне қатысты қолданылмайды деген шешім шығарған.

Жер иесінің жерді жалға берген ақысын төлетуінің талап мерзімі алты жыл.

11. 1978 ЖЫЛҒЫ АЗАМАТТЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІК (ЖАУАПКЕРШІЛІКТЕГІ ҮЛЕС) ТУРАЛЫ ЗАҢ

Бұған қатысты талап мерзімі 2 жыл. Екі жылдық талап мерзімі қашан басталады?

Апелляциялық сот *Aer Lingus plc v. Gildacraft Ltd* ісінде (2006) 1980 жылғы Талап мерзімі туралы заңның 10 (3)-бабындағы «шешім» күніне пассивті білдіретін күн ретінде, бағамдауға тиіс жауапкершілік сомасын білдіретін quantum шектеу ретінде болуы деп түсіндірген.

Бұл туралы Лорд Рикс былай дейді: «1980 жылғы актінің 10 (3)-бабында аталған сот шешімінің немесе арбитраж шешімінің басталатын күнін көрсететін уақыт 1978 жылғы актінің негізінде зиян келтірушіге quantum жауапкершілік жүктейтін шешім болады».

Бұл актіден тыс талап беру кезінде ортақ кепілгер мен ортақ сақтандырушыға қойылатын талаптар әлі айқын емес.

Дегенмен, Ортақ құқықта өтемақы талап ету талабы 1978 жылғы Азаматтық жауапкершілік туралы актімен реттелмейтін болса, оған, келісімшартты бұзғандағыдай, алты жыл талап мерзімін қолданады.



Кітап: Азаматтық іс жүргізу. Сот өндірісі, 1-бөлім (1)

Дәріс: Негізгі талап қою кезеңдері (жалғасы)

Осы істе кепілгердің негізгі борышын өтегені туралы талдау жасауға болады, бірақ бұл өтемақы төлеуден басқа жағдай.

12. ТЕҢІЗ ҚҰҚЫҒЫНДАҒЫ КОЛЛИЗИЯЛАРДАН ТУАТЫН ТАЛАП

Мұндағы талап мерзімі 2 жыл..

13. КАПИТАЛ БОЙЫНША ТАЛАП ҚОЮ АРЫЗДАРЫ

1980 жылғы Талап мерзімі туралы актіде қамқоршыға қарсы талап берудің нормалары бар және ол нормаларды сотта, Құқық комиссиясы да зерттеген.

Бенефициардың қамқоршыға қарсы берген алаяқтыққа қатысты емес

Әйтсе де, 6 жылдық талап мерзімі:

1. Бенефициардың қамқоршыға алаяқтық туралы талабына;
2. Бенефициардың сеніп тапсырған мүлкін қайтарып алуына немесе сол мүліктен түскен пайдасын алуына қолданылмайды.

Апелляциялық сот 1) жағдай бойынша Williams v. Central Bank of Nigeria ісінде (2012) 1980 жылғы актінің 21 (1)-бабының нормасын қамқоршыға қарсы жай талапқа емес, тек қамқоршыға алаяқтық жасауға көмектескен адамға қатысты қолданған.

Талап мерзімі болмаған кезде бұл мәселе әділ және дискреция принципімен шешімін табады.

Аншилиялық емес заңгерлер үшін «әділдік құқығы» лорд-канцлер бастаған Канцелярия соты жасап шығарған құқықтық нормалар жинағына сүйенеді, яғни оны Ортақ құқық соттары қалыптастырмаған деп түсіндірген жөн.

Негізі, құқықтың бұлай бөлінуі XIX ғасырдың соңында жойылған болатын және сол кезде Ортақ құқықтың соттары мен Канцелярияның соттары біріккен еді.

Жоғарғы соттың юрисдикциясы туралы (1973 және 1975қағазда) 1873 және 1875 жылғы актілері Үлкен сот пен Графтық соттарды (екеуі де бірінші инстанциядағы соттар) Ортақ құқық пен Әділдік құқығын қолдануға итермелеген болатын.

Н. Эндрюс айтқандай Ортақ құқық пен Әділдік құқығы арасындағы айырмашылық бүгінде де, әсіресе іс жүргізу барысында, маңызды болып отыр.

Бүгінгі құқықта Ортақ құқық пен әділдік құқығы доктринасының және олардың құқық құралдарының арасында айырмашылық әлі бар.

Оның мысалы ретінде келісім шартты бұзғаны үшін қолданылатын құқық құралдарын атауға болады: қарызды қайтару туралы талаптар мен зиянды өтеу туралы талаптарда – Ортақ құқық құралдары, ал мәжбүрлеу шаралары, айрықша сот өндірісі, бухгалтерлік пайда туралы талаптарда «Әділдік құқығы» доктринасына тән құралдар қолданылады.

Соңғы кезде Ортақ құқық пен Әділдік құқығы арасындағы айырмашылықты жоюға бағытталған бірнеше шешім қабылданған. Дегенмен Ортақ құқық пен Әділдік құқығы арасындағы айырмашылық Ағылшын жеке құқығындағы «фундамент» болып отыр. Оны жою қиын. Бұл айырмашылық әлі де көп жыл сақталатын тәрізді.

Дегенмен көпке мәлім жайт – Ағылшын құқығы әрі қарай дамуы керек және мұндай тарихи көріністен арылуға тиіс. Эндрю Берроуз «бұл айырмашылықты түбегейлі жою керек» деген көзқарасты ұсынады.

«Әділдік құқығы» талабына алты жылдық талап мерзімі белгіленген, одан кейін 1980 жылғы актіні қолдануға немесе ұзартуды қолдануға болады. 1980 жылғы актінің 23-бабы бойынша: «Актіде аталған талап мерзімі өткен соң есепшот туралы талапты ұсынуға болмайды».

14. 1998 ЖЫЛҒЫ АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ ТУРАЛЫ АКТІГЕ СӘЙКЕС ІС ЖҮРГІЗУ

Актінің 7(1) (а)-бабында айтылғандай, «мемлекеттік органның (1998 жылғы актінің) 6 (1)-бабын бұзу арқылы еткен әрекеті үшін талап берген тұлға осы органға қарсы талабын, аталған актіге сәйкес, кез келген сотқа немесе трибуналға бере алады».

7 (5)-бап бойынша: 7(1) (а)-бапқа сәйкес:

- а) шағым орын алғаннан кейін бір жыл мерзім өткенге дейін;



ә) сот немесе трибунал істі жан-жақты әділ қарауына жеткілікті уақытта, бірақ талап мерзімі өтпей тұрып ақырына дейін жеткізілуге тиіс».

15. СОТ ШЕШІМІН ОРЫНДАУ ТУРАЛЫ ТАЛАП

Соттың шешімін орындауға байланысты атқару өндірісі, мысалы, банкроттық туралы шешімді немесе шет мемлекет сотының шешімін орындау туралы Англия сотына талап беруге соттың шешімі күшіне енгеннен кейін алты жыл талап мерзімін белгілеген.

Бұл талап мерзімі қарапайым азаматтық сот шешімін орындауға қатысты қолданылмайды. Алты жыл талап мерзімінен кейін соттың шешімін орындауға ұсыну үшін соттың рұқсаты қажет, бірақ ондай рұқсатты сот сирек береді.

16. АРБИТРАЖДЫҢ ШЕШІМІН ОРЫНДАУ ТУРАЛЫ ТАЛАПТАР

Жауапкер соттың шешіміне шағым түсірмесе (шағым жасауға болатын болса), талап мерзімі алты жыл болып белгіленеді.

Апелляциялық сот *National Ability SA v. Tinn Oils & Chemicals Ltd* ісінде (2009) арбитраждың шешімін орындаудың екі жолы бар екенін мәлімдеген.

1. Ортақ құқықта сотқа арбитраждың шешімін көрсету арқылы.
2. Заң нормаларының механизмі арқылы:
 - Арбитраждың шешімін соттың шешіміне ауыстыру қажет;
 - Соттың шешімін орындау қажет.

Мұндай кезде сот талап мерзімін өзгерте алмайды, сондықтан алты жылдық талап мерзімін екі жылға тең қолдану қажет деген пікір айтқан. Апелляциялық сот *West Tankers* ісінде (2012, 10,61, 2 том) Үлкен соттың, 1996 жылғы Арбитраж туралы актінің 66-бабына сәйкес, арбитраждың шешімін орындау туралы шешім қабылдай алатынын, себебі шешімді орындаудың жолдарына шектеу қойылмағанын айтқан.

17. ШЕТЕЛДІК ТАЛАП БЕРУ МЕРЗІМДЕРІ

Егер қиындыққа әкеліп тірейді деп шешсе, сот шетелдік талап мерзімін қолданбауға құқылы. Бірақ Апелляциялық сот *Harley v. Smith* ісінде (2011) соттың мұндай құқығын тәжірибеде қолдана алмайтынын, себебі шетелдік талап мерзімі Англиядағы талап мерзімінен қысқа екенін мәлімдеген.

Пайдаланылған және ұсынылатын әдебиеттер

1. Эндрюс Н. Система гражданского процесса Англии: судебное разбирательство, медиация и арбитраж / пер. с англ.; под ред. Р.М. Ходыкина; Кембриджский ун-т. – М.: Инфотропик Медиа, 2012. – 544 с.
2. Foreign Limitation Periods Act of 24 May 1984. [Электронный ресурс] URL: <http://www.legislation.gov.uk/ukpga/1984/16/enacted>
3. Решетникова Е.В. Сроки исковой давности в гражданском праве Российской Федерации, Франции и Англии. – Томск, 2017. // [Электронный ресурс] URL: <http://ui.tsu.ru/wp-content/uploads/2017/06/Решетникова-Е.В.-Сроки-исковой-давности-в-гражданском-праве-Российской-Федерации-Франции-и-Англии.pdf>
4. Здрок О.Н. Гражданский процесс зарубежных стран. Курс лекций: Учебное пособие. – Мн.: БГУ, 2004. – 147 с.